

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

5B030300 –«Құқық қорғау қызметі»

мамандығы бойынша

**РОРК 1110 «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ»**

пәні бойынша

ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Кредит көлемі 2

Астана, 2016

Алғы сөз

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жоғары оқу орындарымен әзірленген және ұсынылған
2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 79 бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген
3. Алғаш енгізілген
4. Үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» қауылысына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 58 «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының үлгі оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленген.

Түсіндірме жазба

«Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыміндетті стандартына және «5B030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша үлгілік оқу жоспарына сәйкес дайындалған.

«Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары» базалық пән болып табылады және білім алушыларға соттың, құқық қорғау функциясын жүзеге асыратын мемлекеттік және басқа да органдардың құқық қорғау қызметі туралы бастапқы білім алуына мүмкіндік береді.

Ішкі істер органдарының оқу орындарының бітірушісінде құқық қорғау қызметі саласындағы жоғары білікті маман бола отырып, құқық қорғау органдарына біздің мемлекетіміздің құқық қорғау тетігінің тек бір бөлігі болып қана табылатын прокуратура, ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу органдары ғана жатпайтындығы туралы анық ұғымы болуы керек.

Ұлттық құқық қорғау тетігін игеру құқық қорғау органдарының нақты қызметін анықтаушы өзге салалық пәндерді зерттеуге анағұрлым тереңірек енуге мүмкіндік береді.

Пәнді оқудың мақсаты білім алушыларда құқық қорғау қызметінің негізгі бағыттарын жүзеге асырушы органдардың ұйымдық құрылым және құқықтық жағдайы, құрамы, міндеттері және функциялары, құзыреті, олардың лауазымды тұлғаларына қойылатын талаптар туралы нақты ұғым қалыптастыру болып табылады.

Пәннің мазмұны

Кіріспе

Бастапқы кезде «Құқық қорғау органдары» қылмыстық іс жүргізудің құрамдас бөлігі болып табылды.

Революцияға дейінгі кезеңде қылмыстық іс жүргізуді зерттеу «Сот құрылымы» және «Сот өндірісі» деген екі бөліктен құралды. «Сот құрылымы» бөлімінде сот жүйесінің ұйымдастырылуы көрсетіліп, сот билігінің белгілері, оның қызметінің принциптері, сот жүйесінің буындары, сот ведомствосында лауазымға ие болу талаптары, сот ведомствосы тұлғаларының жауапкершілігі, соттардың ішкі ұйымдастырылуы, соттың көмекші органдары және т.б. анықталды.

Революцияға дейінгі кезеңдегі сот билігінің құзыретіне қарасақ біз прокуратура мен тергеу сол кездегі сот құрылысының ажырамас атрибуты болып табылғандығына назар аударамыз.

Сот құрылымы туралы ілім бір орында қалып қойған жоқ, себебі сот құрылымы тек сот өндірісінің қылмыстық нысанына ғана емес, сонымен қатар азаматтық және арбитраждық іс жүргізуге де жатқызылды. Қылмыстық іс жүргізудің сот құрылыстық бөлігі уақыт өте келе дербес ғылым саласы мен жеке пән белгілеріне ие бола бастады.

Бұған қарамастан «Сот құрылымы» оқу пәнінің мазмұнының өзгеруі, және одан кейін оның атауының өзгеруі қылмыстық сот өндірісі саласындағы реформалармен, ондағы соттың, прокуратураның және алдын ала тергеудің ролі және орнымен өзара байланысты болып табылады.

Кеңес билігінің орнауының алғашқы жылдарында сот құрылымы туралы заңнама дәстүрлі түрде тек соттарды ғана емес, сонымен қатар әділет, прокуратура, тергеу, адвокатура мекемелері және бірқатар басқа да органдарды да қамтыды.

Бүтіндей алғанда «Сот құрылымы» пәнінің «КСРО-дағы сот және прокуратураны ұйымдастыру» болып ауыстырылуы тек 50- жылдардың ортасында ғана орын алды. 70-жылдардың аяғында пән «КСРО-дағы Сот және сот әділдігі» деп, ал он жылдан кейін анағұрлым толық және нақты «КСРО-дағы құқық қорғау органдары» деп аталды.

Қазіргі кезеңде «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары» пәні «Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы», «Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы». «Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы», «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы», «Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы» сияқты салалық пәндер үшін базалық болып табылады.

Тақырыптық жоспар

Тақырып 1. «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары» пәнінің негізгі түсініктері, пәні және жүйесі

Тақырып 2. Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесі

Тақырып 3. Қазақстан Республикасындағы сот әділдігі және сот жүйесі

Тақырып 4. Судьялардың конституциялық мәртебесі

Тақырып 5. Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау қызметі

Тақырып 6. Қазақстан Республикасындағы прокуратура органдары

Тақырып 7. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары

Тақырып 8. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Тақырып 9. Экономикалық тергеу қызметі

Тақырып 10. Ұлттық қауіпсіздік және мемлекеттік күзет органдары

Тақырып 11. Сотқа дейінгі тергеу және жедел-іздігіру қызметі органдары

Тақырып 12. Әділет органдары

Тақырып 13. Қазақстан Республикасындағы нотариат және адвокатура

Тақырып 14. Құқық қорғау органдарының халықаралық-құқықтық ынтымақтастығы

Тақырып 15. Шет елдердің құқық қорғау органдары

Негізгі бөлім

Тақырып 1. «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары» пәнінің негізгі түсініктері, пәні және жүйесі

Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау қызметі. Құқық қорғау қызметінің түсінігі. Құқық қорғау қызметінің белгілері. Құқық қорғау қызметінің міндеттері және мақсаты. Құқық қорғау қызметінің негізгі бағыттары. Конституциялық бақылау. Сот әділдігін жүзеге асыру. Прокурорлық қадағалау. Ұлттық қауіпсіздік. Қоғамдық тәртіпті қорғау, қылмыстарды ашу және тергеу. Сот шешімдерін орындау. Нотариаттық әрекеттер. Заң көмегі және қылмыстық істер бойынша қорғау.

Құқық қорғау органдары: түсінігі, белгілері, түрлері, сыныпталуы. «Құқық қорғау органдары» түсінігі және оның белгілерінің құқық қорғау қызметі теориясы мен «ҚР «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңындағы арақатынасы. Құқық қорғау органдарының құқық қорғау қызметі теориясы мен «ҚР «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңына сәйкес түрлері мен сыныпталуы.

«Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары» пәнінің мазмұны мен жүйесі. «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары»

пәнінің құрамдас элементтері. «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары» пәнінің құқықтық негіздері. «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары» пәнінің құқық қорғау қызметі пәндері жүйесіндегі орны мен ролі. «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары» пәнінің «Мемлекет және құқық теориясымен», «Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығымен», «Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығымен», «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқығымен», «Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығымен» және «Құқық» тобының басқа да пәндерімен арақатынасы.

Тақырып 2. Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесі

Конституциялық Кеңес Қазақстан Республикасының Конституциясының үстемдігін қамтамасыз етуші орган ретінде. Конституциялық Кеңестің мәртебесі. Конституциялық Кеңестің құрамы. Конституциялық Кеңесті құру тәртібі. Конституциялық Кеңес мүшелеріне кандидаттарға қойылатын талаптар. Конституциялық Кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі. Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелерінің Анты. Конституциялық Кеңестің отырыстары. Конституциялық іс жүргізу. Конституциялық Кеңес туралы заңдар. Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелерінің мәртебесі. Конституциялық Кеңес аппараты.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің және оның лауазымды адамдарының құзыреті. Конституциялық Кеңесінің құзыреті. Конституциялық Кеңестің өзге өкілеттіктері. Конституциялық Кеңес Төрағасының өкілеттігі. Конституциялық іс жүргізу. Конституциялық іс жүргізуге қатысушылар. Конституциялық іс жүргізу қатысушыларының құқықтары және міндеттері. Конституциялық Кеңеске өтініш берудің нысаны және мазмұны. Конституциялық Кеңеске өтініш берудің салдары. Конституциялық Кеңесте өтініштерді қарау мерзімдері. Өтінішті қарауға қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту. Іс жүргізуге қабылданған материалдарды Конституциялық Кеңес отырыстарында қарауға дайындау тәртібі. Іс жүргізуге қабылданған өтінішті қарау бойынша Конституциялық Кеңес отырысын өткізу тәртібі. Конституциялық Кеңес отырыстарының хаттамаларын жүргізу. Конституциялық іс жүргізу тілі. Конституциялық іс жүргізуді тоқтату.

Республика Конституциялық Кеңес шешімдері. Конституциялық Кеңес шешімдерінің түрлері. Конституциялық Кеңес шешімдерінің нысандары. Конституциялық Кеңеспен шешімдер қабылдау. Конституциялық Кеңес мүшесінің ерекше пікірі. Конституциялық Кеңестің қосымша шешімдері. Конституциялық Кеңес шешімдерін қайта қарау. Конституциялық Кеңестің

қорытынды шешімінің мазмұны. Конституциялық Кеңес шешімдерінің заңдық күштері. Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімдерін қабылдау салдары. Конституциялық Кеңес шешімдерін орындау. Конституциялық Кеңес шешімдерін жолдау және жариялау.

Тақырып 3. Қазақстан Республикасындағы сот әділдігі және сот жүйесі

Сот сот билігінің органы ретінде. Сот билігінің түсінігі және конституциялық міндеті. Сот билігінің белгілері. Сот билігін азаматтық, қылмыстық және заңмен бекітілген сот өндірісінің басқа да нысандары арқылы жүзеге асыру.

Сот әділдігі - сот билігінің ерекше прерогативасы. Сот әділдігінің түсінігі. Сот әділдігінің белгілері. Сот әділдігінің мемлекеттік қызметтің басқа нысандарымен арақатынасы. Сот әділдігінің принциптері: түсінігі, жүйесі және мағынасы. Заңдылық принципі. Сот әділдігін тек соттың жүзеге асыруы. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау. Сот әділдігін бәрінің заң мен сот алдындағы теңдігі негізінде жүзеге асыру. Судьяның тәуелсіздігі. Сот өндірісін тараптардың бәсекелестігі және теңдігі негізінде жүзеге асыру. Жариялылық. Кінәсіздік презумпциясы. Қайта соттау мен қылмыстық қудалауға жол берілмеуі. Куәгерлік айғақтар беру міндетінен босату. Іс жүргізушілік әрекеттер мен шешімдерге шағымдану еркіндігі. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық істер бойынша өндірісте қорғау. Істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеу. Ішкі сенім бойынша дәлелдемелерді бағалау. Күдіктіге, айыпталушыға қорғауға деген құқықты қамтамасыз ету. Білікті заң көмегіне деген құқықты қамтамасыз ету. Сот өндірісінің тілі.

Сот жүйесі. Аудандық және оған теңестірілген соттар. Аудандық және оған теңестірілген соттарды құру. Аудандық соттың құрамы. Аудандық соттың өкілеттігі. Аудандық соттың Төрағасы. Облыстық және оларға теңестірілген соттар. Облыстық және оларға теңестірілген соттарды құру. Облыстық соттың құрылымы мен құрамы. Облыстық соттың Төрағасы. Облыстық сот сот алқасының Төрағасы. Облыстық соттың жалпы отырысы. Облыстық соттың жалпы отырысының Президиумы. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты. Жоғарғы Соттың өкілеттігі. Жоғарғы Соттың құрылысы мен құрамы. Жоғарғы Соттың Төрағасы. Жоғарғы Сот сот алқасының Төрағасы. Жоғарғы Соттың Жалпы отырысы. Жоғарғы Сот жалпы отырысының Президиумы.

Тақырып 4. Судьялардың конституциялық мәртебесі

Судьялардың мәртебесі. Судьялардың құқықтық жағдайы. Судьяның мәртебесі. Халықаралық соттардың Қазақстан Республикасынан жіберілген судьяларының мәртебесі. Судьяның тәуелсіздігі. Тәуелсіздік кепілдігі. Судьяға ешкімнің тиіспеушілігі.. Судьяларға қойлатын талаптар. Судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптар. Судья лауазымына кандидатты медициналық куәландыру. Судья, төраға, соттың сот алқасының төрағасы лауазымына кандидатты таңдау. Судьяға өкілеттік беру тәртібі. Судьяның анты. Судьяның өкілеттігін тоқтата тұру. Төрағаның, сот алқасы төрағасының және судьяны лауазымынан босату және өкілеттігін тоқтату. Судья лауазымында болудың шекті жасы. Судьяның орнынан түсуі. Судьяны зейнетақымен қамсыздандыру.. Жоғарғы Сот кеңесі. Судьялар қоғамдастығы және оның органдары. Сот жюриі. Судьялардың тәртіптік жауапкершілігі.

Судьяларды материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету. Судьяны материалдық қамтамасыз ету. Судьялардың жыл сайынғы демалысы. Көшкен кездегі өтемақы. Тұрғын-үймен қамтамасыз ету. Судьяларды мантиямен қамтамасыз ету. Судьяларға медициналық қызмет көрсету. Судья мертіккен (жарақаттанған, жараланған, контузия алған, кәсіби ауруға шалдыққан) немесе қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайдағы өтемақы. Жерлеу шығындарын өтеу. Судьяны материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша кепілдіктерінен айыру.

Соттардың қызметін қамтамасыз ету. Сот қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету. Соттарды қаржыландыру.

Тақырып 5. Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау қызметі

Құқық қорғау қызметінің принциптері. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің принциптері. Құқық қорғау қызметінің әлеуметтік принциптері. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, мемлекет пен қоғам мүдделерін қылмыстық және өзге де құқыққа қайшы қолсұғушылықтардан қорғаудың міндеттілігі. Азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастық. Құқық қорғау органдарындағы құқық қорғау қызметін ұйымдастыруға деген көзқарастың быртұтастығы. Дарабасшылық пен субординация (бағынышытылық). Саяси партиялар мен басқа да қоғамдық бірлестіктердің қызметінен тәуелсіз болу.

Қызметкерлердің құқықтық жағдайы. Қызметкерлердің мәртебесі және олардың құқықтық кепілдіктері. Қызметкерлердің құқық қорғау қызметін өткерумен байланысты құқықтары. Қызметкерлердің құқық қорғау қызметін өткерумен байланысты міндеттері. Қызметкердің құқық қорғау қызметінде болуымен байланысты шектеулер. Әскери жағдай кезінде құқық қорғау

қызметіндегі құқықтық қатынастардың пайда болуы және өзгеруі. Қызметкерлердің жауапкершілігі. Қызметкерлердің қызметтік куәліктері мен жетондары. Қызметкерлердің нысанды киімі мен айырым белгілері. Қызметкерлердің атыс және басқа да қаруларды, арнайы құралдар мен дене күшін қолдануы.

Құқық қорғау органдарындағы қызмет. Құқық қорғау қызметіне тұру. Арнайы атақтар, сыныптық шендер, біліктілік сыныптары. Құқық қорғау органдарында лауазымға тағайындау, ауыстыру және қызмет бойынша қозғалу. Аттестация. Әлеуметтік қорғау. Демалыстар. Құқық қорғау органдарында қызметті тоқтату.

Құқық қорғау органдарының бөлімдеріндегі қызметтік тәртіп пен моральдық-психологиялық ахуал. Құқық қорғау органдарындағы қызметтік тәртіп. Құқық қорғау органдарының бөлімдеріндегі моральдық-психологиялық ахуал. Қызметкерлерге қолданылатын көтермелеулер.

Тақырып 6. Қазақстан Республикасындағы прокуратура органдары

Прокуратураның түсінігі, міндеттері және Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары жүйесіндегі орны. Прокуратура қызметінің құқықтық негіздері. Прокуратура органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметінің принциптері. Прокуратура органдары қызметінің негізгі бағыттары мен мазмұны. Прокуратура органдарының жоғарғы қадағалауды жүзеге асыру бойынша қызметі. Прокуратура органдары қызметінің құқықтық кепілдіктері. Өтініштерді қарау. Прокурор әрекеттері мен актілеріне шағымдану. Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыстылықпен күресті қамтамасыз ету бойынша қызметті үйлестіру.

Прокуратура органдарының жүйесі және олардың ұйымдастырылуы. Прокуратура органдарының жүйесі. Республика прокуроры және оның орынбасарлары. Республика Бас Прокурорының өкілеттігі. Бас Прокуратура. Облыс прокуратуралары. Қалалық, аудандық және оларға теңестірілген өзге де прокурорлар мен прокуратуралар. Төменгі тұрған прокурорлардың жоғарғы тұрғандарына бағыныштылығы. Прокуратура органдарындағы алқалар.

Прокуратура қызметінің негізгі бағыттары. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, заңды тұлғалар мен мемлекеттің мүдделерінің сақталуын қадағалау. Сотта мемлекет мүддесін білдіру. Жедел-ізвестіру қызметінің заңдылығын қадағалау. Тергеу мен анықтаудың заңдылығын қадағалау. Әкімшілік іс жүргізудің заңдылығын қадағалау. Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалау. Қылмыстық қудалау.

Шет елдердің өкілетті мекемелерімен өзара қарым-қатынас. Прокуратура органдары қызметінің өзге де бағыттары.

Прокуратураның құқықтық актілері. Прокуратураның құқықтық актілерінің жүйесі. Наразылық. Қаулы. Санкция. Нұсқау. Өтініш. Ұйғарым. Ұсыным. Ескерту. Заңға түсіндірме беру. Прокурор актілерін күштеп орындату шаралары. Прокурорлық қадағалау актілерін жариялау.

Тақырып 7. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары және олардың мақсаты.

Ішкі істер органдары қызметінің құқықтық негіздері. Ішкі істер органдары қызметінің принциптері. Ішкі істер органдарының міндеттері. Ішкі істер органдарының құзыреті. Ішкі істер органдарының өкілеттіктері.

Ішкі істер органдарының жүйесі және қызметінің ұйымдастырылуы. Полиция: криминалдық полиция, әкімшілік полиция, тергеу, анықтау бөлімшелері және өзге де бөлімшелері. Қылмыстық-атқару жүйесі, әскери полиция, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы, Азаматтық қорғау органдары, Ішкі істер министрлігі. Ішкі істер министрі. Ішкі істер органдарының аумақтық, салалық және мамандандырылған органдары.

Ішкі істер органдары қызметі саласындағы мемлекеттік реттеу. Үкіметтің құзыреті. Ішкі істер министрлігінің құзыреті. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті.

Ішкі істер органдарының қызметкерлерінің, әскери қызметшілерінің және жұмыскерлерінің құқықтық жағдайы. Ішкі істер органдарының кадрлық құрамы. Ішкі істер органдары үшін кадрларды даярлау. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің және жұмыскерлерінің еңбегін құқықтық реттеу. Ішкі істер органдарында қызмет өткеру. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің өкілеттіктері. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің нысанды киімі. Ішкі істер органдарының қызметкерлерін, олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік кепілдіктері. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің, олардың отбасы мүшелерінің тұрғын үй құқықтары.

Тақырып 8. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар. Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Ішкі істер органдарында сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарға қарсы іс қимылдың негізгі принциптері. Ішкі істер органдарындағы сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарға қарсы іс қимылдың мақсаты мен міндеттері. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің Ар-намыс Кодексі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл шаралары. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл шараларының жүйесі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар. Қаржылық бақылау шаралары. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер. Мемлекеттік функцияны атқарумен

үйлеспейтін қызмет. Жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың бірлескен жұмысына жол берілмеуі. Мүдделердің қарама-қайшылығы. Кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл шаралары. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы Ұлттық баяндама.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл субъектілері және олардың өкілеттіктері. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл субъектілері. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ұлттық бюро. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдар жүйесі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл бойынша уәкілетті органның өкілеттігі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл бойынша мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және лауазымды тұлғалардың өкілеттіктері. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылға қатысуы. Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар туралы хабарлау.

Тақырып 9. Экономикалық тергеу қызметі

Экономикалық тергеу қызметінің жалпы сипаттамасы. Экономикалық құқықбұзушылықтарға қарсы іс қимыл жөніндегі органдардың жүйесі. Экономикалық тергеу қызметінің құзыреті.

Экономикалық тергеу қызметі қызметкерлерінің құқықтық жағдайы. Қызметкерлердің құқықтары және міндеттері. Кадр резервін қалыптастыру. Біліктілік сыныптарын орнату. Тетілеуден өту. Экономикалық тергеу қызмет қызметкерлеріне көтермелеуді қолдану және тәртіптік жауаптылыққа тарту. Кәсіби қызметтік және дене дайындығын ұйымдастыру. Экономикалық тергеу қызметі органдары қызметкерлерінің жеке мәліметтерін құрайтын жеке істерді жүргізу. Экономикалық тергеу органдары қызметкерлеріне қызметтік куәліктер беру.

Тақырып 10. Ұлттық қауіпсіздік және мемлекеттік күзет органдары

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының маңызы. Конспирация. Қарсы барлау. Ұлттық қауіпсіздік органдарының міндеттері. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің негізгі принциптері. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінде адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау. Ұлттық қауіпсіздік органдарының Республиканың мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен, шет мемлекеттердің арнайы қызметтерімен өзара байланысы және ынтымақтастығы.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының жүйесі және қызметін ұйымдастыру. Ұлттық қауіпсіздік органдарының жүйесі. Ұлттық қауіпсіздік комитеті. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ведомстволары. Ұлттық қауіпсіздік

комитетінің аумақтық органдары. Әскери қарсы барлау органдары. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдары. Арнайы мақсаттағы бөлімшелер.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының құзыреті. Ұлттық қауіпсіздік органдарының міндеттері. Ұлттық қауіпсіздік органдарының құқықтары. Ұсынылған құқықтарды жүзеге асыру. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің дене күшін, арнайы құралдарды, қаруларды және әскери техниканы қолдануы.

Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің құқықтық жағдайы. Ұлттық қауіпсіздік органдары кадрларының құрамы. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілері. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлері мен әскери қызметшілерін әлеуметтік қорғау шаралары. Ұлттық қауіпсіздік органдарының жұмыскерлері мен қызметшілері. Ұлттық қауіпсіздік органдары үшін кадрларды даярлау.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі. Күзет шаралары. Күзетілетін тұлғалар. Күзетілетін объектілер. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің міндеттері мен принциптері.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің құқықтық жағдайы. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің міндеттері. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің құқықтары. Дене күшін, арнайы құралдарды, қаруларды және әскери техниканы қолданудың шарттары мен шектері. Дене күшін қолдану. Арнайы құралдарды қолдану. Қаруды және әскери техниканы қолдану.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің кадрлары. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі кадрларының құрамы. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлері. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің әскери қызметшілері. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің жұмыскерлері. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлерінің, әскери қызметшілерінің қызметтік міндеттері және міндеттері. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлерінің, әскери қызметшілерінің жеке қауіпсіздігі мен құқықтық қорғалуының кепілдіктері.

Тақырып 11. Сотқа дейінгі тергеу және жедел-іздістіру қызметі органдары

Алдын ала тергеу органдары және олардың міндеттері. Ішкі істер органдары, ұлттық қауіпсіздік органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі, прокуратура органдары. Тергеуші және

оның құқықтық мәртебесі. Тергеу бөлімінің бастығы.

Анықтау органдары және олардың міндеттері. Ішкі істер органдары, ұлттық қауіпсіздік органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі, әскери полиция органдары, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдары, шекара қызметі органдары, әскери полиция органы жоқ кезде әскери бөлімдер, құралымдар командирлері, әскери мекемелер мен гарнизондар бастықтары, Қазақстан Республикасы дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің және уәкілетті өкілеттіктерінің жетекшілері. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі. Анықтау органының бастығы. Анықтаушы. Анықтау түрлері. Хаттамалық нысан.

Жедел-іздігі қызметі және оның мақсаттары мен міндеттері. Жедел-іздігі қызметінің принциптері. Жедел-іздігі қызметін жүзеге асыру кезінде тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын сақтау.

Жедел-іздігі қызметін жүзеге асыратын органдардың құқықтық мәртебесі. Жедел-іздігі қызметін жүзеге асыратын органдар. Ішкі істер органдары, ұлттық қауіпсіздік органдары, сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган, Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі, экономикалық тергеу қызметі. Жедел-іздігі қызметін жүзеге асыратын органдардың құқықтары. Жедел-іздігі қызметін жүзеге асыратын органдардың қызметкерлерінің жауапкершілігі. Жедел-іздігі қызметін жүзеге асыратын органдардың қызметкерлерінің әлеуметтік және құқықтық қорғалуы. Құпия көмекшілердің әлеуметтік және құқықтық қорғау.

Тақырып 12. Әділет органдары

Қазақстан Республикасы әділет органдарының мәртебесі. Әділет органдарының міндеттері және принциптері.

Әділет органдарының жүйесі. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің өкілеттігі. Аумақтық әділет органдары. Әділет жүйесін ұйымдастыру. Атқарушылық өндіріс органдарының жүйесі. Әділет органдарының мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және лауазымды тұлғалармен өзара байланысы. Әділет органдарының актілері. Әділет органдарының ұсынымдары.

Әділет органдарының негізгі функциялары, құқықтары және міндеттері. Әділет органдарының заң жобасы жұмысын жүргізу, заңдарды жетілдіру саласындағы функциялары. Әділет органдарының халықаралық шарттарды құқықтық қамтамасыз ету, шет елдік құқықтық көмекті үйлестіру саласындағы функциялары. Әділет органдарының сот-сараптамасы қызметі саласындағы функциялары. Әділет органдарының мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру саласындағы функциялары. Әділет органдарының құқықтық көмекті ұйымдастыру және заң қызметін көрсету, құқықтық насихаттау саласындағы функциялары. Әділет органдарының зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру саласындағы функциялары. Әділет органдарының атқарушы

құжаттарды атқару саласындағы функциялары. Авторлық және аралас құқық, өндірістік меншік, селекциялық жетістіктер, интегралды микросызбалар тополгиясы объектілерін пайдалануға мемлекеттік бақылау. Әділет органдарының өзге де функциялары. Әділет органдары және олардың лауазымды тұлғаларының құқықтары. Нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндерін ары қарай жариялау саласындағы мемлекеттік бақылау. Әділет органдарының жұмыскерлерін материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету.

Тақырып 13. Қазақстан Республикасындағы нотариат және адвокатура

Нотариат және нотариаттық іс-әрекет. Қазақстан Республикасындағы нотариат. Нотариаттық қызмет және оның кепілдіктері. Нотариаттық іс жүргізу. Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе. Нотариаттық іс жүргізудің тілі.

